# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№8 (3736)
31 қаңтар 2025

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Нияз ТОБЫШ, *жазушы:*

## «ИРАН ҚАЗАҚТАРЫ – ЗАР ЗАМАНА ЗАРПЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР»

***– Нияз Қартбайұлы, Алматыда таныстырылымын өткізген «Иран қазақтары: зар замана зарпынан зардап шеккендер» деп аталатын жаңа кітап қалай жазылды? Оның басты ерекшелігін атап өтсеңіз?***

– Бұл кітаптың құрастырылуына 5-6 ай бұрын арамыздан кеткен «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес құрдасым себепкер болған. 2023 жылдың басында Алматыға келгенде: «Иран қазақтары туралы деректердің жинап, жан-жақты бір кітап жасасақ. Нияз, бұл сенің қолыңнан келеді. Ана жақта шалдарды көрдің. Мен өзім тегін шығарып берем» деді.

Иран қазақтарын біреу зерттеймін десе шашылып, әр жерде жатқан деректердің қайбіреуін таба алса, қайбіреуін таба алмайды. Сондықтан негізгі 4 кітаптың ішіндегі мәліметтердің бәрін жинады да, «Иран қазақтары – зар замана зарпынан зардап шеккендер» деген осы кітапты құрастырдым. Енді кімде-кім Иран қазақтары туралы зерттеу жұмысын жасағым келеді десе барлық дүниені осы кітаптан таба алады.

Жалпы, Иран қазақтары туралы осы уақытқа дейін елімізде жарық көрген 4 кітап бар. Олар – Ислам Жеменейдің «Иран қазақтары» (2007), Отыншы Көшбайдың «Сыбызғы сыңсып жылайды» (2008), Таған Дәрібайұлы деген Ираннан келген ақсақалымыздың «Елге ел қосылса – құт!» (2020) атты шағын естелік кітабы және Мансұр Киаидың парсы тілінде жазылып, менің аудармаммен қазақ тілінде (2012) кітап болып жарық көрген «Иран қазақтарының салт-дәстүрлері» деген қолжазбасы.

***– Байқауымша, мұнда сіз айтқан 4 кітаптан бөлек түрлі уақытта әр жерде жарық көрген Иран қазақтарына қатысты өзге де естеліктер мен мақалалар да жинақталған сияқты?***

– Дұрыс айтасыз. Халифа Алтай атамыздың «Алтайдан ауған ел» (2000) деген кітабының «Иран саяхаты» бөлімін енгіздік. Өйткені Құран кәрімді алғашқылардың бірі болып қазақ тіліне аударған аудармашының 1985 жылдың күзінде Иранға барған сапарында жазылған сапарнамасы – Иран қазақтары туралы жазылған алғашқы дүние.

Тәуелсіздік жылдары Иранға барып, ондағы қазақтардың арасында болған Ботагөз Уатхан мен оның күйеуі Досан Баймолда және тағы басқалардың да естелік әңгімелері енді.

*(Жалғасы 5-бетте)*

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# КӨРПЕГЕ ҚАРАЙ КӨСІЛЕТІН КЕЗ КЕЛДІ



**«Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көрпеге қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, ағымызды тартып басу қажет». Осы сейсенбіде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп мәлімдеді.**

*(Жалғасы 3-бетте)*

МӘСЕЛЕ

# МӘМС-тен МӘН КЕТТІ

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың төңірегінде былық көп. Оның қазіргі жүйесі су ішіндегі тесік қайықтың суын төге берумен пара-пар. Осының салдарынан медицинада ақылға сыймайтын жағдайлар орын алуда. Соның бірі 5 айлық баланың тісін қаңқұрттан тазалау болса, тағы бірінде, бір адамның 82 тісін емдеу. Тағы бір ауруханада бір күнде бір адамға 32 қызмет көрсеттік деп есеп толтырылған. Бұл деректерді Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында депутат, палатаның әлеуметтік-даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов ортаға салды.**

Дәстүрлі жиында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдірудің маңызды мәселелері талқыға салынған болатын. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназароваға депутаттар тарапынан қарша бораған сауалдарға жауап беру оңайға түспеді. Өйткені, міндетті медициналық сақтандырудың қазіргі жүйесі медицинаны халыққа қолжетімсіз етіп, шығынды көбейтіп, қаражаттың тиімсіз жұмсалуына әкеліп отыр.

Жиында осы жағдайдың біраз себептері ашылды. Әсіресе, онда қосымша баяндама жасаған Асхат Қанатұлы ортаға салған деректерді жайбарақат тыңдау мүмкін емес еді. Соның бірлі-жарымын жоғарыда атап өттік. Аймағамбетов мырзаның айтуынша, мұндай мысалдар өте көп. Мұның себебі МӘМС бойынша енгізілген қаржыландыру жүйесінің өзі артық қызмет көрсету мен «қосып жазуға» итермелейді. Өйткені, қаражат әрбір емделген адам үшін емес, әр көрсетілген қызмет үшін төленеді. Нормативтер мен цифрландыру жоқ, ал клиникалық хаттамалар мен стандарттар анық емес.

Бұған да дәлел келтірілді. Мысалы бұрын рентгенсіз анықтайтын остеохондрозды табу үшін бүгінде рентгенмен қатар компьютерлік томография, магнитті резонансты томография және басқа да қосымша тексерулер тағайындалады. Бұның бәрі ауруды емдеуден гөрі, ақша табудың «заңды» жолы болады екен көбіне. Себебі неғұрлым көп қызмет көрсетілсе, клиника соғұрлым мол пайда табады. «Осындай бейберекетсіздік біреуге тиімді болып отыр ма деген ойға қаласың» деген Асхат Қанатұлымен келіспеске шара жоқ. Өйткені, мұндай денсаулықты тексеру әдісімен өзіміз де талай бетпе-бет келіп жүрміз. Қандай ауру түрімен болсын емханаға жақындасаң болды, бағасы кем дегенде 50 мың теңгелік түрлі аппараттарға түсудің қажеттілігі айтылып, жолдама беріле бастайды. Ем тек осындай аппараттардың берген нәтижесінен кейін тағайындалады деген соң амалсыз көнеміз. «Бақсақ бақа екен» демекші, алайда қанша қаржы жұмсап, уақыт кетіргені олардың көрсеткіштерінен айтарлықтай тиімділік тағы байқалмайды.

Асхат Қанатұлы осы жағдайға себеп болып отырған бірнеше мәселені айтты. Соның бірі жаңартылған тарифтер мен тариф жасау әдістемесінің жоқтығы екен. Бүгінде оларды қайта қарау министрдің еркіне тәуелді екен. Ол мұны көтергісі келсе көтереді, көтергісі келмесе көтермейді. Мысалы үлкен дау және ерікті әдіспен онкологияның базалық тарифі 20 пайызға қысқартылыпты. Бірақ бұл тек денсаулыққа зиян келтіргін шара болып шығыпты. Салдарынан ешбір үнем болмай, керісінше көп төленетін болды. Қазіргі тариф медициналық ұйымдардың, әсіресе, стационарлардың нақты шығындарын өтемейді. Олар тек жалақы төлеуге және шұғыл қажеттіліктерді қамтамасыз етуге әрең жетеді. Медициналық ұйымдар «шықпа, жаным, шықпаның» күйін кешіп отыр. Коммуналдық қызметтерді төлеу шығындарын тариф аясынан алып тастау туралы айтылғанымен, бұл мәселе әлі күнге дейін шешілген жоқ.

Сонымен қатар алғашқы медициналық-санитарлық көмек жұмысын өзгерту керек. Бүгінде барлық емханалар өздеріне бекітілген әрбір азаматтарға қызмет көрсетсе де, көрсетпесе де айына орта есеппен 2000 корпоративтік табыс салығын алады екен. Бұл тәсіл емханаларды сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүлдем ынталандырмайды.

*(Жалғасы 4-бетте)*

2-бет

**Аудармашының міндеті ауқымды**




4-бет



**Картоп жеңсік асқа айнала ма?**

8-бет

**Өлеңтінің бойында**



## КӨЗҚАРАС

# ТҰҒЫРЫ БИІК ТУҒАН ТІЛ

Тіл тұғырының биікке көтерілгені қазақ халқының да көкке биіктеп көтерілгені. Ана тіліміздің қадір-қасиетін білу бізге парыз. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Тіл әрбір ұлттың мақтанышы, жан дүниесінің айнасы. Өз тілін ардақтау әрбір азаматтың міндетті борышы. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Ол атадан балаға мирас болып қалыптасып отыратын баға жетпес мұра. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» – дегендей, мемлекеттік тіл қазақ тілінің болашағы жастардың қолында. Елін сүйетін жастар тілін де құрметтейді.

**Р.ТЕЛЕШОВА,**
**Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы**

## ТІРЕК

# ОРТАҚ МҮДДЕ



**Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында «Әкімшілік сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.**

Оның жұмысына осы сот төрағасының міндетін атқарушы А.Абдуллина, судьясы Ж.Сұлтанова, Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы М.Жанасова, сонымен қатар, прокуратура, әділет, мемлекеттік кірістер органдарының, әкімдіктің және басқа да мемлекеттік мекеме өкілдері, адвокаттар мен заң консультанттары қатысты. Судьялар сот процестерінде мемлекеттік тілді қолданудың негізгі аспектілеріне, оның қоғамның құқықтық мәдениетін нығайтудағы рөлі туралы айта келіп, әкімшілік сот ісін жүргізуде туындайтын мәселелерді қозғады. Шараға қатысып отырған адвокаттар мен заң консультанттарына сотқа қазақ тілінде берілетін әкімшілік талап қоюлардың санын арттыру жөнінде ұсыныс айтылды. Облыстық тіл басқармасының өкілі облыс бойынша қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар жөнінде баяндама жасады. Шара соңында қатысушылар мемлекеттік тілді қолдануды кеңейтудің тиімді жолдарын, азаматтардың мемлекеттік тілде құқықтық көмек алу мүмкіндігін талқылады.

**Анар ШЕКЕНОВА,**
**Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы**

## ТАРАТУ

4. «Koktal asyl-tulik» СПК (БСН 210340005579) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Ербол Сыпатаев көшесі, 79-үй, пошта индексі 041300, тел. 87017707101, 87762060909.

5. «Көкмардан» қоғамдық қайырымдылық қоры (БСН 210940038895) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Талапты ауылдық округі, Көкмардан ауылы, Төлебай Тасболатов көшесі, 3-үй.

8. «QTES FORESIGHT» ЖШС (БСН 180940009477) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Таха Хусейн көшесі, 15-үй, 4-кеңсе.

11. 28.01.2025 жылғы №7 «Заң» газетінде жарияланған хабарландыруға қосымша. «Объединение Производителей Зерна «Костанай-ЭКСПОРТ» ЖШС (БСН 150340021141) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 72-үй, 525-кеңсе.

14. «Бірлік Көкпекті» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 180440015760) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Айту би ауылдық округі, Көкпекті ауылы, Н.Далыбай көшесі, 3-үй, тел. 87471953845.

18. «КазАкваПром» ЖШС (БСН 161040022649) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Астана шағын ауданы, 18-үй, 38-пәтер.

## ӘРТҮРЛІ

9. «ПромЭнерго» Жобалау институты» Акционерлік қоғамының (БСН 090140003482) өзінің «ПромЭнерго» Жобалау институты» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 11-үй, т.е.ү. 7, 804-кабинет.

10. Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 24 қаңтардағы ұйғарымымен «Fruit City Service» («Фрут Сити Сервис») ЖШС-не қатысты (БСН 180340004810), оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайларда қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Алаш тасжолы, 31/1 ғимараты (нарық әкімшілігінің ғимараты) немесе Шымкент қаласы, Отырар шағынауданы, 41-үй, 24-пәтер (кеңсе). Телефон: +7 701 733 97 32, электронды пошта: Erzhan_karabalin@mail.ru.

15. «Жол белгілері зауыты» ЖШС (БСН 060540001690) 03.03.2025 ж. сағат 10.00-де Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қазыбаев көшесі, 1, 300-кабинет мекенжайы бойынша қатысушылардың кезекті жалпы жиналысын өткізу тағайындалғанын хабарлайды. Жиналыстың күн тәртібі «серіктестікті басқаруға қатыспайтын қатысушыларға қатысты құқықтық шығуды анықтау».

16. «Hyundai Trans Auto» ЖШС автомобильдерді құрастыру цехының алаңдарын кеңейту», Алматы қаласы, Бұқтырма көшесі, 70-ші үй, мекенжайында орналасқан жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Ақпаратпен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz. Жария тыңдаулар 10.02.2025 жылы порталда жарияланған сәттен бастап бес жұмыс күніне созылады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды. Бастамашысы – «Hyundai Trans Auto» ЖШС, БСН 980940000817. Байланыс телефоны +7 701 765 3454, e-mail: a.baltabay@hyundai.kz.

Әзірлеуші – ЖК Мишенин Е.П. Заңды мекенжайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Қараой ауылдық округі, Қараой ауылы, ПКСТ Простор, 22-Линия көшесі, 476-үй, тел. 87478696002, e-mail: ecoplankz@mail.ru.

17. «Daytona-2010» (Дайтона-2010) ЖШС (БСН 101140009248) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 125-үй, 4-пәтер.

19. «Arlan Qurylys Astana» ЖШС (БСН 250140024398) өзіне «Company Stroy Opt» ЖШС (БСН 040540024864) қосу арқылы өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 16-үй, н.п. 35, тел. 87077567999.

20. «Bau Vision» ЖШС (БСН 250140024289) өзіне «Global-Invest company» ЖШС (БСН 140140011928) қосу арқылы өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, А.Байтұрсынұлы көшесі, 16-үй, н.п. 35, тел. 87471110591.

21. «Caspiy Builds» ЖШС (БСН 240540031958) жарғылық капиталы 2 341 647 (екі миллион үш жүз қырық бір мың алты жүз қырық жеті) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, 20 ықшам ауданы, 22-үй.

22. Алматы қаласының Жетісу аудандық сотында Соколова Любовь Александровнаның өтініші бойынша 1939 жылдың 30 наурызында туған, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылының тұрғыны Афанасьев Александр Кирилловичті қайтыс болған деп тану туралы азаматтық іс қарастырылуда. А.К. Афанасьев туралы ақпараты бар адамдарға Алматы қаласының Жетісу аудандық сотына, сот Б.Т. Турусовқа телефоны +7 775 608 9580 немесе өтініш иесінің өкілі Алматы қалалық адвокаттар коллегиясының адвокаты К.И. Батаеваға телефоны 87772889957, 87072789957 арқылы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде хабарлауға өтінім білдіріледі.

**24. Хабарландыру**

«Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ жанындағы байқау кеңесі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) келесідегідей шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекетік коммуналдық кәсіпорындардағы байқау кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға конкурс жариялайды:

**1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Ақжайық аудандық ауруханасы «МКК». адресі: БҚО, Чапаев ауылы, Панфилов көш., №31**

Негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Азаматтарды медициналық қамтамасыз етудегі қоғамдық қажеттілікті және денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруды тиімді қанағаттандыру;

Конкурс 2025 жылғы 3 наурыз сағат 11.00-де БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 201 үй, № 117 кабинетте өткізіледі.

1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

2. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

**Конкурсқа қатысу туралы өтініштер 2025 жылғы 1 наурыз аралығында қабылданады.**

3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Үміткер конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте үміткердің аты-жөні және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Одан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1)шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға бағытталуы;

2) «Байқау кеңесі мүшелерінің мемлекеттік кәсіпорынның конкурсы» «2025 жылғы 3 наурызға дейін ашуға болмайды» деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан жіберіледі.

Конкурсқа қатысу туралы өтініш 2025 жылдың 31 қантардан бастап 2025 жылғы 1 наурыз аралығы инд. 090001, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201 үй, №113 кабинетте (тел. 8(7112) 241815, 504504) қабылданады.

## МҰРАГЕРЛІК

2. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 20.05.1971 жылы туған, 22 қараша 2024 ж. қайтыс болған Таскинбаев Қайраттың артынан мұрагерлік іс ашылды, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20 к-ке хабарласуын сұрайды.

3. 2024 жылдың 11 шілдесінде қайтыс болған Сейітов Аяпберген Жүнісбекұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 870223344 99.

12. 23.09.2024 ж. қайтыс болған Бердешов Сатбай Сайфутдиновичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты, мұрагерлерін Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, С.Қожанов көшесі, 31-құрылым, нотариус Г.К. Кобегеноваға хабарласуын сұраймыз. Тел.87012785558.

13. 2024 жылдың 9 тамызында қайтыс болған Дауренбеков Бағдат Мінуарбекұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

Қызылорда облыстық сотының ұжымы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы Сембек Үдербайұлына ағасы

**Баймаханов Тұрсынбай Үдербайұлының**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Маңғыстау облысының судьялар қауымдастығы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Баймаханов Сембек Үдербайұлына ағасы

**Баймаханов Тұрсынбай Үдербайұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының отставкадағы судьясы Болат Зиядаұлы Сақаловқа жұбайы

**Венера Рысбекқызының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.**

**ИП «Profy Agency kz»**
**Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.**
**г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509**
**e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,**
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.